

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**Педагогика және психология кафедрасы**

**Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің**  
**№ 7 хаттамасынан көшірме**

**Түркістан қаласы**

**«19» 03.2024ж.**

**Қатысқандар: АҚ төрағасы:** п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал С. Алимбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал П.Қ.Искакова, АҚ мүшесі, академиялық персонал п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, АҚ мүшесі, академиялық персонал PhD аға оқытушы Ж.Бураева, АҚ мүшесі, академиялық персонал аға оқытушы С.У.Паштанов, АҚ мүшесі, академиялық персонал магистр оқытушы Д.С.Жарқынбаева. Т.Б.Мендибаева - М.Әбенова атындағы жалпы білім беретін КММ директоры- АҚ жұмыс беруші өкілі, А.Т.Кенжалиев - Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры АҚ жұмыс беруші өкілі, Ж.Ж. Азретбергенова Ж.Ташенов атындағы "№23 ІТ мектеп-лицей" КММ директоры, АҚ жұмыс беруші өкілі, А.Мұхтар - білімгерлер өкілі

**Қатыспағандар:** - жоқ

**Күн тәртібі:**

1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету
2. Жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру
3. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау
4. Әр түрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

**1. АҚ төрағасы А.Рысбекова:** Саламатсыздар ма, құрметті педагогика және психология даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің мүшелері, наурыз айындағы мәжілістің күн тәртібіндегі қарастырылатын мәселелерге келетін болсақ: бірінші мәселе, ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету; екінші мәселе жаңартылған, жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру, үшінші мәселе наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау. Бүгінгі мәжілісте осы аталған үш мәселе бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырып, өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз кезегін АҚ мүшесі, С.Алимбекова сөз алды:** Бірінші мәселе бойынша тоқталсам, Биылғы оқу жылында "Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту" жобасы аясында даярланған, жетекші университет БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, қатысушы университеттер: Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе Өңірлік Университеті, Х.Досмұхамедов ат. Атырау университеті, Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, І. Жансүгіров ат. Жетісу университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Ш. Уәлиханов атындағы Кокшетау университеті, Қорқыт-Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университеті, М.Қозыбаев ат. Солтүстік Қазақстан университеті, Дулати ат. Тараз өңірлік университеті. Осы университеттердің ұсынған ББ баядарламасы аясында біздің кафедрада бВ01101 Психология (ІР) білім беру бағдарламасы жасалынды. ББ тізілімдемесінде ұсынылды, ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз етілуде. Яғни ББ ішкі

нормативтік талаптары бойынша барлық құжаттар талапқа сай құрастырылып, рәсімделіп қолданысқа енгізуге ұсынылды.

**2. АК төрағасы А.Рысбекова.:** Күн тәртібіндегі екінші мыселе бойынша жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру. Педагогика және психология білім беру бағдарламаларының жұмыс берушілермен жоспарлы отырысы өтті. Бұл отырысқа Т.Б. Мендибаева - М.Әбенова атындағы жалпы білім беретін КММ директоры - АК жұмыс беруші өкілі, Ж.Ж. Азретбергенова Ж.Ташенов атындағы "№23 ІТ мектеп-лицей" КММ директоры, АК жұмыс беруші өкілі, А.Мұхтар - білімгерлер өкілі қатысты. Дөңгелек үстел барысында бәсекеге қабілетті жоғары білімі бар мамандарды даярлау, оларды одан әрі жұмысқа орналастыру, білім сапасына реттету және тұлғалардың кәсіби құзіреттіліктерін дамыту, сонымен қатар университетпен жұмыс берушілер арасындағы серіктестікті одан әрі нығайту мәселелері кеңінен талқыланды. Жұмыс берушілердің элективті пәндер каталогын қалыптастыруға қатысуын қамтамасыз ету мәселелері қамтылды. Жұмыс берушілермен бірлесе отырып, оқытудың барлық деңгейлерінде тәжірибе бағытталған оқытуды кеңейту мақсатында уәдью оқыту жүйесі талқыланды. Студенттердің өндірістегі тәжірибесін ұйымдастырудың формаларымен мазмұнын жетілдіру мәселесі талданды. Өндірістен тәжірибелі практик мамандарды оқу үдерісіне тарту мәселелері қамтылды.

**АК мүшесі, П.Искакова** "Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту" жобасы аясында даярланған білім беру бағдарламаның Білім беру саласының атауы Педагогикалық ғылымдар ал, ББ атауы - БВ01101 Психология (ІР), ББ түрі - инновациялық ББ болады. Бұл «Психология» білім беру бағдарламасы (БББ) әртүрлі қазақстандық жоғары оқу орындарының ынтымақтастығымен және халықаралық консультанттарды тарта отырып әзірленген, педагогтарды даярлауға арналған ұлттық білім беру бағдарламасы болып табылады.

«Психология» БББ оқу орындарында (мектептер, колледждер, гимназиялар) психолог ретінде маманданғысы келетін оқытушыларға арналған педагогикалық білім беру бағдарламасы. БББ 60 академиялық кредит педагогикалық компоненттен (педагогикалық практиканы қоса алғанда), 56 академиялық кредит міндетті компоненттен және 124 академиялық кредит пәндік компоненттен (8 академиялық академиялық кредит қорытынды аттестаттауды қоса алғанда) тұрады.

**Пәндік компонент 5 модульден тұрады:**

- «Психология негіздері»,
- «Психологиялық-педагогикалық бағалау және мониторинг»,
- «Психологиялық-педагогикалық араласу және кеңес беру»,
- «Алдын алу және психологиялық білім беру», «Зерттеулер».

Құзыреттілікке негізделген педагогикалық білім беру бағдарламасы үш бөліктен тұрады:

1) педагогикалық компонент, 2) пәндік компонент, 3) міндетті компонент. Бұл құрылымдардың әрқайсысы модульдер мен тиісті курстардан құралады. Курстардың оқыту нәтижесі оқыту жұмысында қажетті құзыреттіліктерді сипаттайды және ҰБШ (ұлттық біліктілік шеңбері) жүйесінің алтыншы деңгейіне жатады.

**Білім беру бағдарламасы келесі негізгі қағидаларға негізделеді:**

- Құзыреттілік әдісі;
- Конструктивті (сындарлы) келісім;
- Студенттерге бағдарланған және белсенді оқытуды қолдайтын әдістер;
- Зерттеуге негізделген оқыту;
- Пәнаралық оқыту;
- Инклюзия;
- Педагогтардың кәсіби дамуы және өзгерістерді басқару;

Сонымен қатар, осы бағыт бойынша жұмыс берушілерге ББ ішкі нормативтік құжаттары талапқа сай рәсімделіп таныстырылды.

**АК мүшесі, Т.Б. Мендибаева - М.Әбенова** атындағы жалпы білім беретін КММ директоры: Білім беру бағдарламаларын қарап отырып мен мынаған баса назар аудардым. Болашақ мұғалімдер өздерінің сыныптағы жұмысында практикалық мысалдар мен эксперименттер жасау және тәжірибе ұсыну арқылы көп мәселені шеше алады. Бұл ББ

бағдарлама білім беру ұйымындағы психологтың қажеттіліктерін бағалау, жоспарлау және ұйымдастыру, білім мен тәрбие сапасын бақылау, тиімділігін бағалау сияқты жұмыстарға негізделген білім беру бағдарламасы болады.

**АК мүшесі, Азретбергенова Жаңыл Жарылқасынқызы - Ж.Ташенов атындағы "№23 IT мектеп-лицей" КММ директоры:** Білім беру бағдарламасы мұғалім кәсібінде маңызды жалпы құзыреттіліктерін тиімдірек жетілдіру мақсатында әзірленген. Инклюзивтілік мәселелер қамтылып, оқыту нәтижесі мен құзыреттер, бағалау жүйесі анықталған. БББ қазіргі нарық жағдайында сұранысқа ие болатыны анық.

**АК төрағасы А.Рысбекова:** Бүгінгі мәжілісмізді қорытындылай келе жұмыс берушілер өкілдеріне рахмет айтамын. Келешекте осы ББ бағдарламасының сапасын арттыру мақсатында әліде талай сіздердің пікірлеріңіз, талдау нәтижелері, сараптамаларыңыз бізге көп көмегін тигізері анық.

АК мүшелері бір ауыздан қолдады.

#### Шешім:

1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету назарға алынсын.
2. Жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру есепке алынсын.

**АК төрайымы:**

**Хатшысы:**

**А.Рысбекова**

**С.Паштанов**